

аяқтайды. Қанша талпынса да Айнамкөз апа өз күйеуін, баласын құтқара алмай, немересі де білгенін істеп жатқанда тағдырға қарсы келе алмайтынын біліп, өмірден баз кешіп өз-өзіне қол жұмсауы бір жағынан түсініксіз, оқырманға ауыр. Ал мен мұны өзі де, немересі де қорғансыз яғни бойтұмарсыз қалғанда Айнамкөз немересін сақтап қалуы үшін, өзін құрбан етті деп түсінемін. Тіпті Жалғастың өзі бірдеңені сезгендей, әжесіне жетіп келуі де текке емес-ті. Әңгіме осылай аяқталды. Қ.Мүбәрәк түйіншекті тауып алған шалдың қарғысқа ұшырауын өмірде болған оқиға екенін айтқан екен. Одан бөлек үлкенді тыңдамай, қарғысты келеке етуі жақсылыққа апармағанын көргеніміздей, аңыз болған Төлегенде теріс бата алып, оңбай кетіп еді. Өмірде тылсым күштер, сайтан, қарғыстар жоқ демеямін. Барлығы өз алдына бір жұмбақ. Алайда үлкендердің тыйымдарын елеп, дұрыс жолда жүру керек екендігіне шығарма мысал бола алады деп ойлаймын. Мейлі бұл мистика, мейлі қияли дүние болсын бәрібір бір өмірді сабақ етеді [3; 9].

Әдебиетімізге көз жүгіртіп, Т. Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы», «Талтүс» және А.Алтайдың «Туажат» немесе «Тамұққа түскен сәуле» атты постмодернистік, тарихи-мифомистикалық көркем туындыларды кездестірген болатынымын. Түйгенім, мистикалық бағытта шығарма жазу үшін мифке байлана отырып, тек сананың түкпіріндегі түйсікке сүйенуің керек. Адамның ақыл-ойының ең биігін тек түйсік арқылы ғана таба алады екенсің. Бізде «аңыз-ертегі тек балалар үшін ғана керек» деген жаңсақ ұғым қалыптасқан. Кез келген аңыз-ертегі адамның жасының өсуіне қарай жаңа ой салып отырады – деген Қойшыбек Мүбәрәк сөзімен мақаламды қорытындылағым келеді. Жазушыға қарапайым оқырмандар тарапынан ғана емес, өз ортасынан да сыни пікірлер әжептәуір айтылған екен. Жазушы өз қаламына сүйенгендіктен мұны елер ме? Бір жағынан осынша мистикалық оқиғалар, қияли жайттар тектен-текке емес, ақын бастан кешірген дүниелер. Қазіргі жазушылардың бәрі бүгінгі өмірді жазып жүрген соң, Қойшыбек Мүбәрәктің осы өмірді мистиктік көзімен көрсеткісі келетіні қазақ әдебиетіндегі жаңалық деп айтар едім.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/download/3454/2785/7142>

2.

https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%BE%D0%B9%D1%88%D1%8B%D0%B1%D0%B5%D0%BA_%D0%9C%D2%AF%D0%B1%D0%B0%D1%80%D0%B0%D0%BA

3. Қ.Мүбәрәк. Жат құшақ мистикалық хикаяттар мен әңгімелер.- Алматы, 2012. - 272 б.

Елтаева Айымгүл Ермекқызы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының

1-курс магистранты

"Bolashaq" академиясы, Қарағанды қ.

ОЧЕРКТИҢ ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ

Мақалада идеялы мазмұн оқырманға типтендіру көркем құралдары: бейнелілік, бөлшек, портрет, тілдік характеристика, пейзаж, жеке көзқарас, сюжет т.б. сияқты көркем публицистикалық шығармаларға тән жинақтауды пайдалану арқылы саралау мен пайымдау, дәлелдемелер, сан, цитата, тарихи параллель, аналогия қарастырылған.

Тірек сөздер: очерк, типтік характер, шығарма, шығарма, сюжет, пейзаж, портрет.

Очерктің идеясын бейнемен үйлестіру, түрлі «мәліметтерді» шеберлікпен қолдану шешілмейтін нәрсе емес. Мұны шеберлерден үйрену шарт. Идеялы мазмұн оқырманға типтендіру көркем құралдары: бейнелілік, бөлшек, портрет, тілдік характеристика, пейзаж, жеке көзқарас, сюжет т.б. сияқты көркем публицистикалық шығармаларға тән жинақтауды пайдалану арқылы саралау мен пайымдау, дәлелдемелер, сан, цитата, тарихи параллель,

аналогия арқылы беріледі. Ақпарат пен мәліметтерді очеркші ақиқаттан, өзінің жеке тәжірибесінен, қойын дәптері мен түрлі ақпарат көздерінен алады. Ол өмір ағымын бар зейінімен бақылай отырып, бүгінгі күн туралы жазады. «Ол үшін адамдармен қарым-қатынасты үзбей, ақпарат жинап, күнделікті баспасөз жаңалығымен танысып, соңғы ғылым жетістіктерімен де таныс болуы қажет. Очерк жазушы өз жазбаларын жаңа мәліметтер мен иллюстрациялармен толықтырып отыруы да өз көмегін тигізеді», - дейді ғалым-журналист Г. Сагал.

«Мен үшін ең басты нәрсе – мүмкіндігінше көп мәлімет жинау. Бұл жазып алған мәліметтерім очерк, мақала, репортаж, корреспонденция жазуда көп көмегін тигізеді. Өзімнің қойын сандар мен кісі аттарын, маңызы бар деректер мен дәлелдерді енгіземін. Кездесуге келетін адамның киімі мен бет-әлпетін суреттеуге көп көңіл бөлемін. Менде осы кезге қойын дәптерлер мен блокноттардың көп жиналғаны соншалық, тіпті мен олардың астында қалып қоямын ба деп қорқатынымын. Бірақ олардың бәрі аса жинақылықпен орналасқан, керек кезінде ішінен мәліметтер оңай табыла қояды», - деген журналист пікіріне толық қосылуға болады.

Ал, Г. Радовтың айтуы бойынша, ол блокнотты аз қолданған. «Маған не айтса, соны ұғып қалуға тырысамын, - дейді автор. – Егер ауданға ұзақ мерзімге келсем, келесі күні таңертең ойымда не қалса, соны қойын дәптеріме түсіремін. Көбінесе блокнотыма ерекше ұнаған сөздерді, цитаталарды жазамын. Мен өзімнің есте сақтау қабілетіме сенемін. Ол керекті нәрселерді ұғып, керексіздерін елеусіз қалдырады».

Типтік характердің өміршендігі мен тереңдігі очеркішінің өмірімен байланысына, көзқарасы мен ой-танымына, шеберлігіне байланысты. Очерктегі адам бейнесін жасаудағы маңызды шарт кейіпкердің мінез-құлқындағы ерекшеліктері жақсы көрінетін жерлерін айқын бейнелеу болып табылады. Бұл жерде типтік характерді ашуда кейіпкердің портреті мен оның көзге көрінер ерекшеліктеріне оқырман назарын аудара білу маңызды рөл атақарады. Шебер очеркішілердің портреттік сипаттамасында терең публицистикалық мағына жатады. Очеркте бейнелеумен бірге пайымдау, бейнемен бірге ой жүреді. Бейнелеудің басқа түрлері сияқты портреттің негізін де бөлшек (деталь) құрайды.

Очеркист өмірдің барлық элементтерін бейнелей алмайды, өйткені, ол шексіз. Сондықтан, ең маңызды, ақпарат көзі мол мәліметтерді ғана топтайды.

Типизацияның ең шыншыл, маңызы бар құралы – бөлшек (деталь) екенінде дау жоқ. Бөлшекті шеберлікпен қолдана білу өмірдегі шындықты бейнелеуге мүмкіндік береді. Тұрақты бөлшектер өмірді абстрактылы емес, жеке көрсетеді. Ал, ұсақ бірақ қызықты бақылауларды жинақтау (обобщение) күшін біріктірген кезде ғана очеркте қызықты бөлшек орын алады. Бірақ кей кезде очеркшілер басты мағынаны ашпайтын, бейнеден де, шығарманың идеясынан да алшақ жатқан бөлшектермен әуестенеді. Мысалы, «орта бойлы, бет-әлпеті кәдімгідей, басына бөрік, ерекше белгілері жоқ» - деген сияқты бейнелеу не бере алады? Өңгімеге сияқты очеркке де ерекше белгілер мен маңызды бөлшектер керек-ақ.

Өмір мен адамдарды маңызды бөлшектер арқылы бейнелеу олардың ішкі мазмұны, болмысы, кейіпкерлердің көзқарастары мен психологиясының көрінуі үшін қажет. Тұрақты бөлшек портреттің аяқталуына көмек береді, бейнені айқын, сезімтал етіп көрсетеді.

Б. Майлиннің «Жасасын Мұсабай!» очеркіндегі Мұсабайды жазушы былай суреттейді: «Құрысқан қара жігіт. Сөзге жомарт, ертеден қара кешке дейін сөйлесе шаршамайды, өз сөзінен басқаға құлақ салмайтын мінезі де бар». Ал Ғ. Мұстафиннің «Алыптың кереметтері» очеркіндегі Нұртазаұлы Жұмабек бейнесін сомдау барысында жазушы тұрақты бөлшектер пайдаланған: «... қара ағаштай қатыңқы, бұрыл шаш, қара шұбар жігіт» десе, М. Әуезовтің «еңбекке піскен, ірі денелі, сан етті», - деп суреттеген.

Міне, осындай бейнелерді сомдауда пайдаланылатын бөлшектер шығарманы шыншыл, өміршен етеді. Очеркист кейіпкерлердің сөзінен, тұлғасы мен бет-әлпетінен, күлкісі мен көздерінен, дене бітімінен бір ерекшелікті байқап, оны атап көрсеткен кезде ғана жанға айналады.

Шыншыл бөлшек әр нәрсені толығырақ бейнелеуге көмектеседі, шығарманың көркемдігін арттырып, оны айқындай түседі. Бөлшектер елеулі және елеулі емес болып екіге бөлінеді. Біріншісі де, екіншісі де біркелкі маңызды рөлдер атқарады, бірақ елеулі емес бөлшектің маңыздылығы көңілде күмән туғызады. Мысалы, мәтіндердегі Мұсабайдың «сөзге жомарттығы», Нұртазаұлы Жұмабектің «бұрыл шашы», Ырысбектің «еңбекке піскендігі» - елеулі бөлшек емес, бірақ маңызы бар.

Бейнелейтін затқа немесе жағдайға айқындылық беру үшін очеркші өзіне бірден тартып, сендіре алатын тұрақты бөлшектерді көрсетеді. Суретші үшін маңызы бар бөлшек шеберлігі очеркшіні беллетристикамен жақындата түседі. Және оқырманға дәлелдің мәнін, оның мағынасын түсінуге мүмкіндік береді, жазушы сол кездің психологиялық және тарихи атмосферасын сезіндіреді. Сонымен қатар очерктегі бөлшекті әлеуметтік-саяси, мағыналылық пен құбылыстың өзектілігін айқындау үшін қолдануға да ерекше мән береді.

Тұрақты бөлшектер мен толықтырулардан портрет пен басқа да бейнелер туындайды. Портретпен жұмыс істей отырып очеркші тұрақты кейіпкердің сыртқы бейнесін ғана көрсетіп қоймай сол портрет арқылы кейіпкердің ішкі жан-дүниесін оның очерктегі проблема шешілуіне және қоршаған ортасына деген қарым-қатынасын да беруге тырысады. Очерк шеберлері біреуді суретке түсіруді міндетіне алмайды. Очерк шеберлері біреуді суретке түсіруді міндетіне алмайды. Мысалы, Ғабит Мүсіреповтың очерктерін алайық. Бұл көркем очерктерде жазушы қазақ өміріндегі игі істер атқарып жүрген адамдардың публицистикалық типтік бейнесін жасап шығарған. Очеркші адами емес іс-әрекеттерді әшкерелеп, адамдардың интеллектуалдық әлемін жоғары қояды. Кейіпкердің портретін жазғанда суреткер өз шығармасына негіз етіп қоғамның пайдасына немесе оған қарама-қарсы бағытталған адамдардың іс-әрекетін, мінез-құлқын алған. Мысалы, Ғ. Мүсірепов пен Б. Майлиннің «Батыр большевик Амангелді» очерктер циклында Ғ. Мүсіреповтің «Батырдың биік тұлғасы» очеркінде биографиялық мәліметтер өте аз. Ол бір-екі сөзбен ғана беріледі. Бірақ бұл очеркте биографияны кең қолданып жазу керек деген сөз емес. Өмірде шынымен бар адамдардың типтік бейнелерін, ішкі жан-дүниесін көрсету өте қиын іс. Сондықтан очерк те бейнелеу өнері сияқты, егер портрет адамдардың бейнесін дұрыс бере алмаса, маңызы жоқ белгілерді суреттесе, ол «өмірді тоқтатып тастаған» сияқты болып көрінеді. Публицист-суреткердің тұрақты адамның портреті жай ғана сурет емес, ол - өзіндік жалпылау (обобщение) болып табылатыны заңды құбылыс. С. Мұқановтың «Тірі ескерткіш» атты очеркінде Социалистік Еңбек Ері Сейдахмет Қорғасбаевтың портретін былай сомдайды: «Сейдахметті бұл менің үшінші көруім: бірінші рет 1938 жылы, жасы 37-ге шыққанмен, қатардағы қойшы күнінде көрдім. Ол кезде шоқша қара сақалды, қалың қара мұртты, әжімсіз күрең түсті, бетінен қаны тамған жігіт еді: екінші рет 1953 жылы, Алматыда, Қазақстан Ғылым академиясының Биология Институтында қой өсіру тәжірибесінен ғалымдар арасында баяндама жасағанда; ол жолы сақал-мұртына аздап кірген аққылтаңы болмаса, 1938 жылмен салыстырғанда ажарында айта қаларлықтай айырма жоқ еді; енді, мына жолы қарасам – сақал-мұртының ағы да, бет әжімі де көбейіпті, бұрын шоқшалап өсіретін сақалын еркіне қоя беріпті!..» - деп очеркші кейіпкер портретін суреттеуде өмір деректеріне сүйеніп, қажет деп тапқан жағдайда қаһарманды жаңа детальдармен толықтырып отырғандығын көреміз. Жазушы Сейдахметтің өмірін жадағай суреттеп қоймай, көңіл-күйіндегі, ой сандығындағы, рухани дүниесіндегі өзгерістерге терең бойлай отырып, атқаратынын очеркші жіті байқап, осы қасиеттерін ашудағы жазушы шеберлік танытқан.

Очеркте кейіпкер тілі мен автор тілін ажырата білу маңызды мәселе. Кейіпкер тілі әлеуметтік затынан, ішкі жан-дүниесінің психикалық қалыптасуынан бөлінбейді. Кейіпкердің ішкі жан-дүниесін, оның өмірге деген көзқарасын очеркші оқырманға оның қандай да бір іске, өзге адамдармен қарым-қатынасы, өмір құбылыстарына, саясат, ғылым мен жалпы өнерге деген қатынасы арқылы көрінуі мүмкін. Ғ. Мүсіреповтің «Чудо!» атты очеркі халқымыздың талантты әртісі Күләш Бәйсейтовағ арналған. Автор Күләш талантын

ашу үшін бір ғана өзі куә болған жайға тоқталып, бір дананың екінші ұлы талантқа баға бергенін баян ету арқылы көрсете білген.

Жеке тұлғалар мен олардың арасындағы қақтығыстарды зерттей отырып, очеркші әлеуметтанушы секілді өз назарын нақты қарым- қатынасты зерттеуге бұрады. Ол үшін кейіпкерінің мінез құлқын тек қана бейнелеу құралы деп емес, сонымен қатар әлеуметтік құбылыс деп қабылдауы тиіс. Жағдай мен мінез- құлықты талдай отырып, очеркші оқырманға бұл тек қана «кітап шындығы» емес екендігін, оның ойы мен сезімі бар адам, тіпті өмірдің өзі екендігін дәлелдейді. Очеркші характерлер мен типтерді зерттеп, оларға баға береді, оқырмандарды публицистикалық қорытындыға әкеледі. Қазіргі очерктерде бүгінгі күн проблемаларын, күнделікті еңбек адамдарының өмірін пысықтап бейнелеу көптеп кездеседі. Очеркші осының бәрінен хабардар болуы керек. Очеркші өндіріспен, бүгінгі өмірмен байланысы жоқ адамдарды емес, керісінше, барлық адамзаттың жетістіктері, адамдардың еңбегінің жемісі екенін біліп барып, шығарма жазуға отырады.

Адам табиғаттың иесі, оның негізгі күн көрісі де осы табиғатпен байланысты. Очеркшінің міндеті де- адамның ұлылығын көрсету. Қорыта айтқанда, очеркші бүгінгі күннің қоғамдық пікірін жинаушы, сонымен қатар қоғамдық пікірдің ұйымдастырушысы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ыдыросов Т. Очерк туралы ойлар. – Алматы: Қазақстан, 1969.
2. Ыдыросов Т. Очерк және бесжылдық. – Алматы: Қазақстан 1682.
3. Ыдыросов Т. Шеберлік бастауы. – Алматы: Мектеп, 1984
4. Кенжебаев Б. Жаңа әдебиеттің туа бастаған шағы// Жұлдыз. 1960 №1.- 172-173-б.
5. Нұртазин Т. Шеберлік туралы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1968- 185б.

Бахбергенова Гүлбақыт

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің 1-курс магистранты

gulbakytbakbergenova@gmail.com

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.д., профессор Жарылғапов Ж.Ж.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫНЫҢ «ҚЫЗҒЫШ ҚҰСЫ» ЖӘНЕ СИМВОЛИЗМ

Махамбет – XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің қалыптасуында маңызды рөл атқарған ұлы қазақ ақыны, батыр. Табиғат оны композитор, күйдің шебер орындаушысы, шешен және жалынды ақын ретінде үстемдеді. Махамбет жырлары – өзі өмір сүрген дәуірдегі Ресей патшасы мен Жәңгір ханның халықты екі жақтық қанауына қарсы шыққан шаруалар көтерілісінің айқын үні. Оның өлеңдері көбені толғау, жыр үлгісінде айтылған. Негізгі тақырыптары, айтпақ ойы – халықтың еркіндігін, өзінің арман-тілегін жеткізу, Исатай батырдың ерлікке толы өмірін үлгі ету [1;37].

Махамбеттің шығармашылық мұрасы жүзге жуық өлеңді құрайды. Тарихтан белгілі болғандай, ақын өзі шығарған өлеңдерін қағаз бетіне түсірмеген. Махамбеттің поэтикалық мол мұрасын Шернияз, Бекет, Мұрат және Лұқпан сынды ақындар зерттеп, басып шығарған.

Махамбет тек поэтикалық шеберлігімен ғана емес, ең алдымен өзінің даналығымен және адамгершілігімен де жалпыға бірдей құрметке қол жеткізді. Ол өз өлеңдерінде негізінен қазақ қоғамының әлеуметтік-психологиялық аспектілеріне, қарапайым халықпен болып жатқан процестерге, әділдік пен арамдыққа, мейірімділік пен зұлымдыққа назар аударды [2].

Махамбет тұлғасы тірісінде-ақ қалық қазақ үшін ерліктің, батырлықтың, өрліктің белгісіне, ал жалынды жырлары азаттық дабылына айналып үлгерген болатын. Артына күреспен өткен өмірімен өшпес өнеге, өлмес туындылар қалдырған, міне бір жарым